

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 1120 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов
Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар):

1) 63-баптың 5-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1. Сот шартты түрде соттауды тағайындағанда пробациялық бақылауды белгілейді және сотталған адамға белгілі бір міндеттерді орындауды: шартты түрде

сотталған адамның тәртібін бақылауды жүзеге асыратын мамандандырылған мемлекеттік органға хабарламай тұрақты мекен-жайын, жұмысын, оқуын өзгертпеді, белгілі бір орындарға бармауды, маскүнемдіктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, венерологиялық аурудан немесе ВИЧ/ЖҚТБ-дан емделу курсынан өтуді, отбасына материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктейді. Сот, шартты түрде сотталғанға, оның түзелуіне ықпал ететін өзге де міндеттерді жүктей алады.»;

2) 64-баптың екінші және үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер шартты түрде сотталған адам сол үшін өзіне әкімшілік жаза салынған қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар аясына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, электрондық бақылау құралдарын қасақана бүлдірсе, дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген жағдайда, шартты түрде сотталушының жүріс-тұрысына бақылау жасауды жүзеге асыратын органның рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырса, сондай-ақ сотталған сотпен жүктелген міндеттерді орындамаған жағдайда, сот осы баптың бірінші бөлігінде аталған органның ұсынысы бойынша сынақ мерзімін ұзарта алады, бірақ ол бір жылдан аспауы керек.

3. Шартты түрде сотталған адам осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген құқық бұзушылықтың біреуін сынақ мерзімі ішінде қайталап жасаған, сондай-ақ заңды талапқа бағынбаған, сол сияқты шартты түрде сотталған адамның жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерін қорлаған не оларға қатысты зорлық іс-әрекеттер жасаймын деп қорқытқан жағдайда, не болмаса шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынса, сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынысы бойынша шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы етеді.».

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар):

1) 380-баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«4) жасағанына кінәлі деп танылған әрбір қылмысы үшін сотталушыға тағайындалған жазаның түрі мен мөлшері, сондай-ақ бұрыңғы үкім бойынша шартты сотталудың күшін жою немесе оны сақтау туралы шешім және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 58, 60-баптарының негізінде өтеуге жататын түпкілікті жаза түрі.

Сот жаза түрі ретінде бас бостандығынан айыру тағайындаған кезде үкімде сотталғанның оны өтеуге тиіс мекемесінің түрі мен режимін көрсетеді, ал сотталғанға қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза тағайындаған кезде, үкім заңды күшіне енгеннен кейін он күн мерзім ішінде оның қылмыстық-атқару инспекциясына есепке қою үшін келу міндеттерін белгілейді;»

«5) шартты түрде соттаған кезде сынақ мерзімінің ұзақтығы мен сотталғанға жүктелетін міндеттер, бұл ретте сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабында көзделген жауапкершілікті түсіндіреді;»;

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

«7-1 бап. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация – сынақ мерзімі мен пробация бақылауында болған аралықта әрбір шартты түрде сотталғанға қатысты жаңа қылмыс жасаудың алдын алу мақсатында, алдағы уақытта олардың жүріс-тұрысын түзету үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі әзірлейтін және іске асыратын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы кешенді шаралар.»;

2) 14-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Шартты сотталғандар, алдағы уақытта олардың жүріс-тұрысын түзету және олардан жаңа қылмыс жасауын ескерту мақсатында, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсететін қылмыстық-атқару жүйесі пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады. Шартты түрде сотталған әскери қызметшілерге бақылауды әскери бөлімшелердің басшылығы жүзеге асырады.»;

3) 181, 182, 183, 184-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«181-бап. Шартты түрде сотталған әскери қызметшілердің жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асырудың тәртібі

1. Сынақ мерзімі кезеңінде шартты түрде сотталған әскери қызметшілердің жүріс-тұрысына бақылауды, олардың әскери бөлімдерінің командованиясы жүзеге

а с ы р а д ы .

2. Шартты түрде сотталғандар әскери бөлімнің командованиясына өзінің тәртібі туралы есеп беруге, сот жүктеген міндеттерді орындауға, айына екі рет тіркелу үшін келуге міндетті. Дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда шартты сотталушы еріксіз келтірілуі мүмкін.

182-бап. Шартты сотталғандардың жүріс-тұрысын пробациялық бақылауды жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі

1. Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі пробациялық бақылауды тұрған шартты сотталғандарды есепке қойған кезде:

1) денсаулық жағдайын белгілей отырып, сотталғанның жеке тұлғасын, оның білім деңгейін және еңбекпен қамтылғандығын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын зерделейді, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің көлемін анықтау үшін өзге де қажетті мәліметтерді анықтайды;

2) әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне келу күнін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін, оларды орындамаған, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзған жағдайда жауапкершілікке тартуды түсіндіреді.

2. Шартты сотталғанның жеке тұлғасын және тіршілік жағдайын зерделеу нәтижесі бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын құрастырады.

3. Шартты сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің негізгі бағыттары білім алуға, мамандық иеленуіне, жұмысқа орналасуына, сондай-ақ құқықтық көмек көрсетумен қамтамасыз етуге жәрдем беру болып табылады.

4. Жеке құрастырған бағдарламаға сәйкес шартты сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес және өзге де ұйымдар жәрдем береді.

5. Шартты сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалады.

6. Шартты сотталғанға қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, қылмыстық-атқару инспекциясы осы Кодекстің 24-29-баптарында көзделген шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

7. Шартты сотталғандар қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің және әскери бөлімдер командованияларының алдында өзінің жүріс-тұрысы туралы есеп беруге, айына екі рет, күшейтілген пробациялық бақылау кезінде төрт рет тіркелу үшін, сондай-ақ шақыру бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне келіп тұруға міндетті. Дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда шартты сотталушы

еріксіз

келтірілуі

мүмкін.

8. Тиісті бақылауды қамтамасыз ету және сотталған адамдардың орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі түрлерін айқындайтын электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы. Пробациялық бақылауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің оларды қолдану тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

9. Шартты сотталған бақылаудан жалтарған жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі оның жүрген жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша алғашқы іс-шараларды қабылдайды.

183-бап. Сынақ мерзімінің және пробациялық бақылаудың есептелуі

1. Сынақ мерзімі және пробациялық бақылау мерзімі сот үкімі заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі.

2. Сынақ мерзімі біткен соң шартты сотталушының жүріс-тұрысын пробациялық бақылау тоқтатылады, сөйтіп ол қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінен шығарылады.

3. Сотталғанды міндетті әскери қызметке шақырған жағдайда жергілікті әскери басқару органына үкімнің көшірмесі, қажет болған жағдайларда қызметтен өту орны бойынша шартты сотталғанның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыруға керекті өзге де құжаттар жіберіледі. Әскери бөлімнің командованиесі он күн мерзімде қылмыстық-атқару инспекциясына шартты сотталғандарды есепке қойғаны, қызмет аяқталған соң - әскери бөлімнен кеткені туралы хабарлауға міндетті.

4. Сынақ мерзімінің өтуі соттың шартты түрде сотталған адамды іздестіру жариялау туралы қаулысы шыққан сәттен бастап тоқтатылады және соттың шешімі бойынша қайта басталады.

184-бап. Шартты сотталғандардың жауапкершілігі

1. Шартты сотталған қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар аясына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасап, сол үшін оған әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, сотталған электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзса (бүлдірсе), дәлелсіз себептермен тіркелуге келмесе, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырса, соңғысымен сынақ мерзімін бір жылдан аспайтын уақытқа ұзарту туралы сотқа ұсыныс енгізіледі, сондай-ақ оны шартты сотталудың күші жойылуы мүмкін екендігі туралы жазбаша түрде ескерту жасалады.

2. Жеткілікті негіздер болған жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі сотқа сынақ мерзімін бір жылға дейін ұзарту туралы ұсыныс жібереді.

3. Шартты түрде сотталған сынақ мерзімі ішінде осы баптың екінші бөлігінде

көрсетілген бұзушылықтың біреуін қайталап жасаған, заңды талаптарға бағынбаған, сол сияқты шартты сотталған адамның тәртібіне бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерін қорлаған не оларға қатысты зорлық іс-әрекеттер жасаймын деп қорқытқан не егер сотталған адам бақылаудан жасырынған жағдайда, сотқа шартты жазаның күшін жою туралы ұсыныс жіберіледі.

4. Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген сәттен бастап он бес күннен астам уақыт ішінде орналасқан жері анықталмаған, шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынған деп танылады.

5. Шартты сотталған электрондық бақылау құралдарын бұзған (бүлдірген) жағдайда, қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі тиісті акті жасайды.

Шартты сотталған электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзған (бүлдірген) жағдайда, заңмен белгіленген тәртіпте материалдық жауапкершілікте болады.».

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41, № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149 - құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28, 32-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; 2011 жылы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электрондық ақша мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6 3 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы алпысыншы абзацпен толықтырылсын:

«Қылмыстық-атқару инспекциясының (336-бап (1-1 және үшінші бөліктері) (осы бұзушылықтар қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрған тұлғаларға қатысты)»;»;

екінші бөлікте мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«қылмыстық-атқару инспекциясы инспекторының (336-бап (бірінші және екінші бөліктері) (осы бұзушылықтарды қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрған тұлғалар жасағанда) құқығы бар»;».

5. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 16-1) және 16-2) тармақшалармен толықтырылсын :

«16-1) қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарға әлеуметтік көмек көрсету бойынша өңірлік бағдарламаларды дайындап, мәслихаттың бекітуіне ұсынады ;

16-2) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды;»;

2) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 14-2) және 14-3) тармақшалармен толықтырылсын :

14-2) қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарға әлеуметтік көмек көрсету бойынша өңірлік бағдарламаларды дайындап, мәслихаттың бекітуіне ұсынады ;

14-3) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды;»;

3) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды еңбекпен қамтуды қамтамасыз етеді және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді . » .

6. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы):

1) 5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы он бесінші абзацпен толықтырылсын:

«қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.»

;

2) 7-баптың 5-5 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-5) қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;».

7. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24 (2577), 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат), «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 30 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

Мынадай мазмұндағы 4-5-баппен толықтырылсын:

4-5-бап. Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесі) – қылмыстық жазаларды орындауды және күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторларында қамауда ұстауды қамтамасыз ету бойынша атқару және бөлу қызметтерін жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің тіршілік қызметін қамтамасыз ететін ұйымдардың жүйесі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын:

1) құзыретті орган (орталық атқару органының ведомствосы);

2) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары;

3) қылмыстық жазаларды орындайтын органдар:

құрылымында пробация қызметі жұмыс істейтін қылмыстық-атқару инспекцияларының аудандық және қалалық бөлімдері;

4) түзеу мекемелері;

5) тергеу изоляторлары;

6) ғылыми-зерттеу, емдеу алдын алу ұйымдары және білім беру ұйымдары;

7) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыруға және сотталғандарды еңбекке тартуға арналған ұйымдар және олардың құрылымдық

б о л і н і с т е р і ;

3. Қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелері қызметкерлерін:

1) қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлері;

2) қылмыстық-атқару жүйесіндегі лауазымдарда тұрған мемлекеттік қызметшілері;

3) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерімен және органдарымен еңбек қатынасында тұрған қылмыстық-атқару жүйесінің жұмысшылары.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мекемелер әкімшілігінің және олардың лауазымды тұлғаларының қызметін ұйымдастыру тәртібі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.».

8. «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 6 , 8 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әлеуметтік бағдарлама, жоба - білім беру, ғылым, ақпарат, денсаулық сақтау, спорт, қоршаған ортаны қорғау; жастар, демографиялық, гендерлік, қылмыстық-атқару саясаты; әлеуметтік көмек; құқық қорғау қызметі; мәдениет саласындағы және өзге де әлеуметтік мәні бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық шаралардың жиынтығы;»;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) олардың есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде қылмыстық-атқару инспекцияларының пробация қызметіне жәрдемдесу;».

9. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1 , 2 - қ ұ ж а т) :

1) 6 - б а п т а :

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) бас бостандығынан айыру орындарынан босау негіздері бойынша өмірлік қиын жағдайда ; » ;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде болу деп т а н ы л у ы м ү м к і н . » .

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК